

## Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 267 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 маусымда N 14-8-69 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы N 36 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2011.02.17 N 36 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан - жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы N 765 Жарлығына, "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару және дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын (Жол картасын) Оңтүстік Қазақстан облысында жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 79 қаулысына сәйкес және жұмыспен қамтуда жәрдем көрсету іс-шараларын кеңейту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**

### **Е Т Е Д І :**

1. Ауданның кәсіпорындар мен ұйымдарда (әрі қарай- жұмыс беруші) жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлерді және бітірген, жұмыспен қамтылмаған бітірушілеріне (әрі қарай- бітіруші) жастар тағылымдамасын ұйымдастыру және өткізуді.

2. Бітірушілер үшін жастар тағылымдамасын ұйымдастыру келесі шарттарды ескере отырып өткізіледі:

1) оқу орындарын бітіріп жұмысқа орналаспаған бітірушілердің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде (әрі қарай- Уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелуі;

2) бітірушілердің алған мамандығы бойынша еңбек өтілі және дағдының болмауы.

3. Уәкілетті орган:

1) келешекте одан әрі даму және өндірісін кеңейту перспективасы бар және бітірушілер үшін жастар тағылымдамасында әлеуетті жұмыс беруші бола

алатындар жайында ақпарат жинау жұмыстарын іске асырады;

2) жұмыс берушінің кадрлық сұраныстары негізінде, жастар тағылымдамасында қатысу үшін жұмыссыз бітірушілер арасында талдау жұмыстарын жүргізеді;

3) жұмыссыз бітірушіге жастар тағылымдамасына қатысу үшін жолдама береді;

4) оқу орындарын бітірген жұмыссыз бітірушілерге жастар тағылымдамасы аясында жұмыс орындарын беруге ықыласты жұмыс берушімен келісім шарт жасайды.

Келісім - шартта жұмыс беруші мен Уәкілетті органның құқықтары мен жауапкершілігі, жұмысқа қабылданып жатқан жұмыссыз бітірушілердің саны, жастар тағылымдамасы аясында жұмыс берушінің ұйымдастырылған мамандықтарының тізімі ескеріледі.

Келісім – шарт алты ай мерзімге дейін жасалады.

4. Жұмыс беруші:

1) жастар тағылымдамасын өту үшін Уәкілетті орган жолдап отырған бітірушімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасайды;

2) жастар тағылымдамасы аясында әр бір жұмыс орында қауіпсіздік жағдайы жасалуын қамтамасыз етеді;

3) жастар тағылымдамасына қатысушылардың жұмыс уақытына есеп жүргізу табелін және акт жүргізіп, әр айдың 25-жұлдызына дейін Уәкілетті органға өткізеді;

4) жастар тағылымдамасына жолданған бітірушіні тағылымдаманың мерзімі біткенше, өз құзырымен тұрақты жұмысқа қабылдап алуға құқығы бар;

5) еңбек шартының мерзімі өткендігі немесе бітірушіні тұрақты жұмысқа қабылданғандығы жайлы Уәкілетті органды хабардар етеді;

6) еңбек шартының мерзімі өткенінен кейін жұмыссызға жастар тағылымдамасына қатысуы туралы пікір (ұсыныс хат) береді.

5. Уәкілетті орган жұмыс берушімен түзген келісім-шартты, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес келген жағдайларда бұзуына құқығы бар.

6. Жастар тағылымдамасын өткізу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылады.

7. Жастар тағылымдамасына қатысушылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансферттерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығын қоса алғанда, жұмысқа орналасатындардың жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органмен төленеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2010.06.04 N 281 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) **Қ а у л ы с ы м е н .**

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ә. Бердімұратқа** жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*С. Қаныбеков*

*С. Жұманов*

*М. Үкібас*

*З. Маханова*

*Ә. Бердімұрат*

*Қ. Төлебаев*

*А. Сихымбаева*

*Г. Тайтелиева*

*Т. Балабекұлы*